

Атырау қаласында автотұрақтар (паркингтер) санаттарын белгілеу және автотұрақтар (паркингтер) орналасқан жерлерге арналған базалық салық мөлшерлемелерін ұлғайту туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 309 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 28 желтоқсанда № 4311 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қаласы мәслихатының 28 ақпандағы 2020 жылғы № 478 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қаласы мәслихатының 28.02.2020 № 478 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 505 бабына, 509 бабының 3 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 44 бабына сәйкес, Атырау қаласының Мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Атырау қаласында автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес белгіленсін.
2. Атырау қаласында автотұрақтардың (паркингтердің) санаттарына қарай автотұрақтар (паркингтер) орналасқан жерлерге арналған базалық салық мөлшерлермелері осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес ұлғайтылсын.
3. Салықты есептеу кезінде жерлеріне базалық мөлшерлемелер қолданылатын жақын орналасқан елді мекен Атырау қаласы болып айқындалсын.
4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Мәслихаттың инфрақұрылым және тұрғын үй құрылысы саласы бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін (Қ. Джаумбаев).
5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Атырау қаласындағы автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары

№	Автотұрақтардың (паркингтердің) түрлері	Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары
1.	Ашық типті және жабық типті жер үсті автотұрақтары	I санат
2.	Басқа мақсаттағы ғимараттарға қатар салынған автотұрақтар, басқа мақсаттағы ғимараттарға жапсарлас салынған автотұрақтар	II санат
3.	Ғимараттың цокольдi және (немесе) жер асты деңгейінде орналасқан және осы ғимараттардың ажырамас құрамдас бөлігі болып табылатын автотұрақтар (паркингтер)	III санат

Атырау қаласында автотұрақтардың (паркингтердің) санаттарына қарай автотұрақтар (паркингтер) орналасқан жерлерге арналған базалық салық мөлшерлермелері

№	Автотұрақтардың (паркингтердің) түрлері	Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары	Автотұрақтар (паркингтер) орналасқан жерлерге арналған базалық салық мөлшерлемесі (теңге)	Базалық салық мөлшерлеменің ұлғаюы
1.	Ашық типті және жабық типті жер үсті автотұрақтары	I	8,20	он есе
2.	Басқа мақсаттағы ғимараттарға қатар салынған автотұрақтар, басқа мақсаттағы ғимараттарға жапсарлас салынған автотұрақтар	II	8,20	он есе
3.	Ғимараттың цокольдi және (немесе) жер асты деңгейінде орналасқан және осы ғимараттардың ажырамас құрамдас бөлігі болып табылатын автотұрақтар (паркингтер)	III	8,20	он есе